**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 29 тамыздағы № 4-1/441 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 20 тамыздағы № 4-1/753 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 21-1 және 43-1-баптарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. «Жеміс жидек дақылдары мен жүзімнің көпжылдық екпелерін отырғызуға және өсіруге алынған субсидиялардың мақсатты және тиімді пайдаланылғаны туралы есептің нысанын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 29 тамыздағы № 4-1/441 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7919 болып тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінің 2012 жылғы 24 қазандағы № 696-701 (27773) санында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрық көшірмесінің Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жолдануын;

2) осы бұйрықтың мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойған күнінен бастап күшіне енеді.

*Министр А. Мамытбеков*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК